

Рухани жаңғыру - болашаққа бастар жол


Рухани жаңғыру - Ішкі жан дүниеміздің жаңа өзгерістерді қабылдап, көнеден қалыптасқан салт-дәстүр, мәдениетіміз бен тарихымыздың жаңару жолына түсуі. Ұлттық бірегейлікті сақтау, салт - дәстүріміз, дәстүрлі ән-жырымызбен сәулет өнеріміз, әдет-ғұрыптарымыз - бұлардың бәрі ұлтымыздың рухани мәдениеті. Ұлтымызды ұлт ретінде көрсетіп тұратын сипаттардың бірі.

Рухани жаңғыру - Тәуелсіздік алғаннан бері елімізде жүргізіліп келе жатқан реформалардың жалғасы. Қазіргі өмір сүріп жатқан қоғамға қажетті негізгі дүние. Технологиялық жаңарумен шектенип қалмай, адамның сана-сезімін қатар жетілдіруге мүмкіндік туған жағдайда, өзіміздің ұлттық салт-дәстүрімізді сақтай отырып, болашақ ұрпақ тәрбиесінде байсалдылық, жылы жүзділік, адамгершілік сияқты қанша сін-

ген қасиеттерді жетілдіру. Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі, Ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен дініміз, мәдениетіміз сонымен қатар ұлттық рухымыз бен сананы жаңғырту. Осы орайда болашақ жасарымыз басымдық бергеніміз межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді.

Ұстаз ретінде білім беру жолындағы тың идеяларды іздеймін. Біздің ең биік мақсатымыз келешегі кемел білімді ұрпақ тәрбиелеу. Кейінгі ұрпақ бойына сапалы білім мен үлгілі тәрбиені сіңіру - әр ұстаздың алдына қойған басты мақсаты деп білемін. Әр отбасының үміті болған жас ұрпақты отансүйгіштікке, ұлттық салт-дәстүрімізді құрметтеуге, құндылықтарымызды дәріштеуге бағыт-бағдар беріп, ата-бабамыздан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз қажет.

Жасынан дін мен дәстүрімізді, тағлымды тарихымызды оқып, сусындап өскен ұрпақ теріс ағымдар мен мәдениеттің жетегінде кетпейді. Салт-дәстүрі мен тарихына ерекше мән берген елдің тұғыры биік, іргесі берік болады.



Білімнің салтанат құруы. Қазіргі таңда білім бағдарламаларының елімізге ұтымды үлес қосып келе жатқанын айта келіп, табыс тізгіні білімді болашақ жастардың қолында екеніне баса назар аударып, ішкі руханиятымыз арқылы, сыртқы өзгерістерді жақсы жағынан қабылдап, жаңғырудың даңғыл жолына түсіп, ұлттық ерекшелігімізді, құндылығымызды сақтай білуіміз қажет.

Өскелең ұрпақты ұлттық тұрғыда тәрбиелеу - заманави қоғамның ең басты міндеттерінің бірі.

Біз біртұтас ұлы ұлттың перзенті екенімізді мақтан тұтуға тиіспіз. Біздің жолымыз айқын: Жаңару арықылы жарқын болашаққа жетейік!

Қуралай ХАМИТОВА,
АрПИ

Жаратылыстану және
ақпараттандыру факультеті
оқытушы магистр